

Астана қаласында орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға үлестік қатысуға және сатып алуға бөлінген қаражатты пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 сәуірдегі N 372 қаулысы

Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік сатып алу туралы " 2002 жылғы 16 мамырдағы және " 2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес, Астана қаласында орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға үлестік қатысуға және сатып алуға бөлінген қаражатты тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласының әкімі 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 449 " Орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне үй салуға және сатып алуға үлестік қатысуы Астана қалалық бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер" бюджеттік бағдарламасы бойынша 750 000 000 (жеті жүз елу миллион) теңге сомасында көзделген қаражаттың есебінен Астана қаласында орталық мемлекеттік органдардың тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген қызметкерлеріне (бұдан әрі - Қызметкерлер) оны кейіннен беруге тұрғын үй салуға және сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу өткізсін.

2 . М ы н а л а р :

1) тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген Қызметкерлердің тізімдерін мемлекеттік органдар бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) сұратуы бойынша ұсынады;

2) Агенттік (келісім бойынша) Қызметкерлердің бекітілген тізімдерін екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне тапсырады;

3) кейіннен оларды Қызметкерлерге беру үшін қызметтікке теңестірілген пәтерлерді мемлекеттік органдарға бөлуді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі жүзеге асырады ;

4) Қызметкерлерге берілген тұрғын үйді сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 377-26 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін . < * >

Ескерту. 4)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.18. N 553 қаулысымен .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы А.А.Тілеубердинге жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

